



Университеттің 2021 жыл бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстардың есебі туралы

Джумакулов З.Д.


Ғылыми жұмыстар және халықаралық
ынтымақтастық жөніндегі проректор



2022 жыл

КАФЕДРАЛАР ЖОСПАРЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ҒЗЖ

2021 жылы 22 бағыт бойынша **30** ғылыми-зерттеу жұмыстары жүзеге асырылды



Менеджмент және құқық негіздері мен Тарих кафедраларының бірігуіне байланысты ортақ Тарих кафедрасының ғылыми бағытын жалғастыруда.

ҚР БЖҒМ қаржыландыру шеңберіндегі орындалған гранттық жобалар

2021 жылы БЖҒМ Ғылым комитетінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруымен жүргізілген **6** жоба орындалды, олардың ішінде **3** (1 жылдық ғылыми жоба) жоба аяқталып, қорытынды есебі ғылым комитетіне тапсырылды.

2021 жылы ғылыми жобалардың қаржыландыру сомасы **64 663,00** теңге.

БЖҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру өтінімдері бойынша:

- 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру конкурсына **3** жоба берілді (химия - **1**, биология-**1**, география-**1**).


- қазіргі таңда 2022-2024 жылдарға арналған **«Жас ғалым»** жобасы бойынша жас ғалым – постдокторанттардың іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыру жобасына өтінімдер дайындалуда.

Халықаралық ғылыми жобалар бойынша:

«Жан Моне», «Спенсер» -**2**, «HORIZONT», «Erasmus+» халықаралық 2022 жылдарға арналған ғылыми жобаларына өтінім дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Университеттің қаржыландыруымен орындалатын жобалар


Университетішілік жоба 14.10.2020 жылғы №268, 269 келісімшарт негізінде 2 жоба аяқталып, ғылыми есебі университеттің ғылыми комитетінде қабылданды.



Қаржыландыру сомасы, 2020-2021 жж. 7 млн.тг

2021 жылға бұл көрсеткіш бойынша **15 000 000** теңгеге қаражат бөлу жоспарлап, жоба санын **5-ке** жеткізуді көзделген алайда бұл жоспар университеттегі қаржылық жағдайға байланысты орындалмады.

мәліметтер базасында индекстелетін журналдардағы жарияланымдар



Web of Science, Scopus базасында Kazakh National Women's Teacher Training University атауымен индекстелетін мақала саны

Жарияланым жылы	2020	2021
Құжат саны	31	28
Q 1	-	5
Q 2	2	3
Q 3	2	2
Q 4	3	2
Q нет	24	16

Scopus (Скопус) деректер базасында процентиль көрсеткіші кемінде **50** жоғары – **29** ғылыми мақала.


Мақала жариялаудағы профессор -оқытушылардың үлесі

Индекстелетін журналдарда мақала жариялаған оқытушылар саны **62** адам. Ол жалпы штаттық ПОҚ-ның (294 адам) **21,01%** құрайды. Университеттің **4** кафедрасының (денешынықтыру және спорт, арнайы педагогика, музыка, кітапханатану және библиография) оқытушылары мүлдем мақала жарияламаған.

20-дан аса мақалаларда бірнеше авторлар кездеседі (5-6 адам). Оның ішінде **1-2** авторлар басқа жоғары оқу орнынан, сол себепті мақалалар **2-3** университеттің есебінде жүреді.


11 мақала докторанттардың диссертациялық жұмыстарының аясында орындалған.

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАРДА ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР



Жарияланымдар саны 2021 жылы 1,05 есеге кеміді. Жарияланым бойынша БҒССҚЕК ұсынған журналдарға талаптардың өзгеруіне байланысты көптеген журналдардың тізімі қысқару әсер етті.

ИНСТИТУТ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ҒЫЛЫМИ ІС-ШАРАЛАР



Ғылыми іс-шараларды өткізу көрсеткіші 2021 жылы **1,79** есеге өсті

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖООКББ БӨЛІМІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТКІЗІЛГЕН ҒЫЛЫМИ ІС-ШАРАЛАР

2021 жылдың наурыз - желтоқсан аралығында жалпы **95** ғылыми іс-шара ұйымдастырылды

10 - шет елдік (онлайн) спикерлер ғылыми дәріс өткізді;

10 - отандық спикерлер ғылыми дәріс, семинар өткізді;

7 - университет профессор-оқытушылар құрамынан спикерлер ғылыми дәріс, семинар өткізді;

9 - халықаралық және Отандық гранттық жобаларға өтінім беру бойынша ғылыми семинарлар сериясы;

11 - профессор-оқытушылар құрамына арнайы ғылыми методология бойынша семинарлар сериясы;


18 - магистранттар үшін семинар, вебинарлар сериясы;

18 - докторанттар үшін семинар, вебинарлар сериясы;

10 - студенттер үшін семинар, вебинарлар сериясы;

2 - халықаралық конференция/симпозиум

ЖАРИЯЛАНҒАН МОНОГРАФИЯЛАР



2021 жылға **28** монография жоспарланған, үздік оқытушылардың жоспар бойынша орындалмағаны және кейбір монографиялар плагиат болу есебінен **18** монография жарық көрді.


ЖАРЫҚ КӨРГЕН ОҚУЛЫҚ, ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ

Есеп беру жылында университет бойыша **40** оқулық, оқу құралы жарияланды, оның ішінде:

1. Физика, математика және цифрлы технологиялар институты– **15**
2. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институты – **8**
3. Педагогика және психология институты– **7**
4. Қазақ тілі және әлем тілдері институты – **5**
5. Жаратылыстану институты – **5**


Жарияланған оқулықтар мен оқу құралдарының арасында тек мектеп бағдарламасына арналғандарында ғана ҚР БЖҒМ грифі алынған және оқу-әдістемелік бірлестіктің шешімін алған.

ҚОРҒАУҒА АЛЫНҒАН ҚҰЖАТТАР



2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы қорғауға алынған құжаттар (авторлық куәлік) саны төмендеген, жоспарланған құжаттарға өтінім берілді, эксперттің шешімі алынбаған.


«ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ



2021 жылы конкурсқа университеттен 7 үміткер ұсынылды. Алайда республикалық кезең бойынша сараптама жұмысы барысында YouTube желісіне салынған видео дәрістер ашылмауына байланысты әр үміткердің – **20** балы кемітілді.


Профессор-оқытушылардың шетелдік ғылыми іс-шараларға қатысуы және ғылыми тағылымдамадан өтуі, дәріс оқуы

23 оқытушы «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасының иегері,
1 оқытушы Мемлекеттік стипендия иегері атанды



Осы бағыт бойынша жұмыс атқарған адамдардың саны – **44**. Ол жалпы штаттағы педагогтардың – 14,9% құрайды.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары



Ғылыми-зерттеу жұмысына қатысқан студенттің жалпыға шаққандағы саны **15,7 %** құрайды (студенттің жалпы саны- **4 505**). 2020 жылмен салыстырғанда студенттердің ҒЗЖ қатысуы жоғары.

Студенттердің Start-up жобалары

Жалпы университет бойынша білім алушылар арасында өз Start-up жобасын іске асыруға **24** жоба ұсынылған. Олар:

- Физика, математика және цифрлы технологиялар жоғары мектебі – **15**
- Педагогика және психология факультеті – **6**
- Әлеуметтік-гуманитарлық факультет – **3**

Атап өтетін жайт, 2021 жылы университеттік дәстүрлі «**Startup-Tomiris**» инновациялық жобалар конкурсы ұйымдастырылмады.

Ғылыми үйірмелер

Есеп беру жылында кафедраларда барлығы **22 студенттік** ғылыми үйірмесі жұмыс жүргізді. Оның ішінде:

- Педагогика және психология институты – **4** бағыт
- Физика, математика және цифрлы технология институты– **4** бағыт
- Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институты – **6** бағыт
- Қазақ тілі және әлем тілдері институты – **4** бағыт
- Жаратылыстану институты – **4** бағыт

Ғылыми үйірмелерге барлығы **337** студент қатысады (жалпы санынан **13,4%** құрайды).

Диссертациялық кеңес

«6D060600 – Химия» (8D05301) білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша диссертациялық кеңес
2 ізденуші қорғады, **2** ізденуші ақпан айында қорғайды, **2** ізденуші наурыз айына жоспарлануда.

«6D011300 – Биология» (8D01504) білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңес
1 ізденуші қорғады, **1** ізденушінің құжаты диссертациялық кеңеске ұсынылды.

«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» (8D017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты), «6D020500 - Филология» (8D023 - Тілдер және әдебиет) білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша диссертациялық кеңес
4 ізденуші қорғады.

Жалпы 7 ізденуші қорғады

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 9 наурыздағы №98 бұйрығы негізінде университеттің диссертациялық кеңес туралы ережесі Ғылыми кеңесте қарастырылып, 28.05.2021 жылғы №9 бұйрығымен жаңартылды және 11.06.2021 жылғы №207 бұйрығымен диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері бекітіліп, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілді.

ЖОО мен ҒЗИ жасалынған келісімшарттар

- «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ;
- «Ғылым қоры» АҚ;
- «Bilim invest білім беру орталығы (БІЛІМ ИНВЕСТ)» ЖШС;
- ЖОО -7;
- ҒЗИ -3.

Басқа ЖОО ғылыми тағылымдамадан өтуге келген магистранттар мен докторанттар - 27.

Магистратура:

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті – 5;
Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті - 7;
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті-8;
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті-1.

Докторантура:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті - 3;
Абай атындағы ҚазҰПУ -3.

ҒЗЖ-на факультет пен кафедраның қосқан үлесі - РЕЙТИНГ

№	Бағалау көрсеткіші	балы
1	Ғылыми бағыт бойынша жұмыс	30
2	Индекстелетін журналдардағы жарияланымдар	20
3	Авторда h-индексінің болуы	10
4	Қорғауға алынған құжаттар	10
5	Монографиялар	10
6	Оқулық, оқу құралы	5
7	БҒССҚКК ұсынған журналдардағы мақалалар	5
	Шетелдік мақалалар, оның ішінде шетелдік автормен бірге	
8	Халықаралық/республикалық конференциялар өткізуі	3
9	Стартап жобалар	3
10	Өзге ғылыми басылымдар мен конференция материалдары	1
11	Семинар, дөңгелек үстелдер өткізу	1
12	СҒЗЖ	1
13	Ғылыми үйірме	1
Барлығы:		100 балл

Институт бойынша РЕЙТИНГ

№	Институт атауы	Жалпы балы	Штат	Штаттық көрсеткішке шаққандағы балл
1	Жаратылыстану	1771	64	27,6
2	Физика, математика және цифрлы технологиялар	1132	50	22,6
3	Педагогика және психология	1051	96	10,9
4	Қазақ тілі және әлем тілдері	822	87	9,4
5	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер	775	87	8,9

Кафедралар бойынша РЕЙТИНГ

№	Кафедра атауы	Жалпы балы	Штат	Штаттық көрсеткішке шаққандағы балл
1	Химия	697	20,5	34
2	Физика	395	14	28,2
3	Практикалық шетел тілдері	299	14	21,3
4	География	265	13	20,3
5	Информатика және қолданбалы математика	436	22	19,8
6	Математика	271	14	19,3
7	Мектепке дейінгі және бастауыш білім	462	27	17,1
8	Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі	246	15	16,4
9	Биология	494	30,5	16,1
10	Кітапханатану және библиография	125	8	15,6
11	Қазақ әдебиеті	193	13	14,8

№	Кафедра атауы	Жалпы балы	Штат	Штаттық көрсеткішке шаққандағы балл
12	Жалпы және әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	218	16	13,6
13	Кәсіптік білім	163	14	11,6
14	Теориялық және практикалық психология	207	21	9,8
15	Тарих	181	21	8,6
16	Қоғамдық-гуманитарлық пәндер	107	14	7,6
17	Хореография және АРТ менеджмент	79	12	6,5
18	Шетел тілін оқыту әдістемесі	175	28	6,25
19	Орыс тілі мен әдебиеті	92	17	5,4
20	Арнайы педагогика	75	15	5
21	Музыка	81	18	4,5
22	Дене шынықтыру және спорт	62	17	3,6

Қорытынды

2020 жылы 2021 жылмен салыстырғанда келесі көрсеткіштер өсті:

- ҚР БҒМ ҒК қаржыландыруымен жүргізілген жобалар;
- Scopus және Web of Science базаларындағы басылымдар саны;
- «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасының иегері;
- Мемлекеттік стипендияда иегері;
- Университет қабырғасында PhD диссертацияларының қорғалуы (7 докторант қорғады);
- 2021 жылдың сәуір айында қашықтықтан оқыту форматында Ғылым апталығы (студенттердің, магистранттардың, докторанттардың, жас ғалымдардың белсенді қатысуы);
- Докторанттардың шетелдік ғылыми тағылымдамалары (2020ж. 1 докторант, 2021 ж. 8 докторант);
- Шетелдік жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өту;
- Шетел ғалымдарын дәріс оқуға шақыру (Түркия Республикасынан Мехмет Экиз, Ильдар Эюбуов, Эла Айше Коксал, Чайко Елена Валерьевна (Латвия));
- Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуы.

Бұрынғы деңгейде:

- Стартаптар
- Ғылыми үйірмелер
- Патенттер алу (1 пайдалы модельге патент, 1 инновациялық патент)
- Университет қаржыландыруымен жүзеге асқан жобалар

Келесі көрсеткіштер төмендеді:

- ҚР БҒССҚЕК ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіндегі журналдарындағы мақалалар саны;
- Монографиялар саны;
- Авторлық куәліктердің саны;
- «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегерлері (Салғараева Г.И., Ибраимова Л.Ә.).

СҒЗЖ және стартаптар мәселелері

- ❑ Стартап-жобаларды әзірлеуге білім алушылардың нақты қатысуы жоқ;
- ❑ Студенттер тарапынан СҒЗЖ-ға деген қызығушылық тек марапаттармен (дипломдар, сертификаттар) ғана сақталады;
- ❑ Кафедралардағы ғылыми үйірмелер қайта жүйелеуді талап етеді;
- ❑ Республикалық СҒЗЖ конкурстарына қатысу терең пысықтаусыз және ғылыми нәтижесіз берілген өтінімдер санымен айқындалады;
- ❑ Мемлекеттік емес құрылымдар ұйымдастыратын Республикалық іс-шараларға студенттердің ақылы қатысуы басым.

Докторантура мәселелері

❑ Қорғалмаған PhD докторанттардың едәуір үлесі: Scopus базасында мақалалардың болмауы, сондай-ақ, докторлық диссертацияны қорғауға қойылатын талаптардың күшейтілуі, диссертациялық зерттеу уақтылы аяқталмауы.

Магистратура мәселелері

❑ Магистранттардың ғылыми жетекшілеріне қойылатын талаптар біліктілік талаптарына сәйкес келмейді (Scopus, ҚР БҒССҚЕК жарияланымдары, монографиялар).

ҰСЫНЫСТАР:

- Әр институттың ұйымдастыруымен өтетін ғылыми конференциялардың өзектілігі мен мәртебесін арттыру мақсатында конференциялардың маңыздылығын арттыру;
- Ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту (зертханаларды, арнайы кабинеттерді заманауи қондарғылармен жабдықтау және құрылғылардың санын арттыру, шығыс материалдарымен толықтай қамтамасыз ету);
- Ғылыми қызметпен мақсатты айналысу үшін мүмкіндіктер жасау (шығармашылық күнді кең тарату, материалдық ынталандыру).